

Нүркен селолық округіндегі көшелерін қайта атау туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Нүркен селолық округі әкімінің 2010 жылғы 19 ақпандағы N 2 шешімі. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 ақпанда N 8-10-104 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Нүркен селолық округі тұрғындарының 2008 жылғы 10 ақпандағы N 011, 012, 013 хаттамаларына және аудан әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссияның 2008 жылғы 23 маусымындағы N 1/4 ұйғарымына сәйкес **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақсеңгір елді мекеніндегі N 1 көшесі - "Жасыл ел" көшесі деп;
Жалаңтөс елді мекеніндегі N 1 көшесі - "Ақ бидай" көшесі деп;
Жидебай елді мекеніндегі N 1 көшесі - "Бірлік" көшесі деп;
Қаратал елді мекеніндегі N 1 көшесі - "М. Шоқай" көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

округінің әкімі

Н ү р к е н с е л о л ы қ
А. Жармағанбетов